

Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай-балабақша
менгерушісі *Г. Жанибекова* Жанибекова Г
« » « » 2024 жыл

«Балапан» кіші жас тобы

«Бақытты балалық шақ»
мерекелік іс- шара



Тәрбиеші: Н. Мусаева

Бидаулетова П

2023 – 2024 оқу жылы

«Бақытты балалық шақ!» Балаларды қорғау күніне арналған іс-шара.
Мақсаты: балалардың жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, өлең, әндерді нақышына келтіре айтуды үйрету. Бір - бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу.

Тәрбиеші: Армысыңдар балалар, бармысыңдар,

Жаз да келді, жайнаған гүлді шыңдар

Алдыменен алайық амандасып,

Армысыңдар бәрің де, армысыңдар!

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, мерекеге жиналған қонақтар,
ата - аналар, балалар!

Баршамызды бала тілмен баурайтын,

Бала деген бір бақыт қой самғайтын

Ата - ананың арманы мен тілегін,

Бала емес пе бал бұлақтан жалғайтын

Сүйкімді періштелер сендерсің

Қандай бейне өздеріңе тең келсін!

Данышпан да, ғарышкер де, ғалым да,

Ең алдымен балалықты меңгерсін.

1 - Маусым 1950 жылдан бастап Халықаралық балаларды қорғау күні болып келеді. Бүгін біз осы мерекені атап өтпекшіміз. Аталған мерекемен құттықтау сөз кезегін балабақша меңгерушісі-- Г. Жанибекова апайымызға береміз.

Хор: «Біз бақытты баламыз» орындайтын «Балапан» тобының бүлдіршіндері.

Сайқымазақтың келуі:

Бұл не мереке? Нені тойлап жатырсыңдар? Бізге неге айтпадыңдар, а? Бізсіз ешқандай мереке болмайды?

Тәрбиеші: Токта, токта, сен кімсің өзі біздің мерекені бұзатын? Бүгін үлкен мереке, біз оны тойлаймыз, ешкім кедергі бола алмайды! Бізбен бірге тойлаймыз десек, онда тәртіп сақтаңдар.

Балалар, сайқымазақты қалдырамыз ба? Қалдырамыз.

Тәрбиеші: Ақылды балапан бүгінгі,

Көркейтер күніңді ертеңгі,

Үйренген өнерін көрсетсін

Бүлдіршін балалар белсенді.

Ендігі кезекті балабақша бүлдіршіндеріне берейік.

Дияс:

Бала, бала, баламыз

Бақшамызға барамыз

Күні – бойы қызыққа

Батамыз да қаламыз.

Жания:

Мен гүлдерді жұлмаймын
Торғайларды қумаймын
Айтқан сөзді тыңдаймын
Апашымды сыйлаймын
Рамазан:

Көжегім тұршы
Бетінді жушы,
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы.
Аягөз:

Алма сыйлап бөбекке
Алма ағаштар сарғайған
Төгілген тер шелектеп
Көрінеді маңдайдан.

Тәрбиеші: Иә, рас, бала болған бәрі де,

Салған олар балалықтың әнін де.

Бала кезін еске алып отырсақ,

Сол емес пе тіршіліктің мәні де! - дей келе құрметті ата – аналар балалық шағымызды еске ала отырып, сайқымазақтың бізге ала келген ойынын ойнайық.

Ойын: «Тиын тастамақ»

Мұнда берілген сауалдарға жауап бере отырып, балаларыңызды таныстырып бересіздер.

Дұрыс, ата - аналар бір сәт болса да бала болып, өткенге көз жүгіртіп балалықты меңгердік десек те болады.

Би: «Гүлдер»

Тәрбиеші: Көк жиектен күлімдеп,

Маусымның таңы атты

Тұра қойшы күнім – деп,

Анаң сені оятты –

Даналардың тілегі,

Балалардың тілегі

Ауырмасын ешқашан

Аналардың жүрегі.

Тәрбиеші: Осымен «Бақытты балалық шақ!» атты мерекелік іс - шарамыз аяқталды.